



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Алматы ұстазы



ISSN 2226-4671



9 772226 467165

№04
2017
(45)

Учитель Алматы

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ТАРИХИ ТАҢДАУ



Иманбекова К. Ж.,
 Республикалық ғылыми-педагогикалық
 кітапхананың ғылыми-библиография
 бөлімшесінің басшысы

Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын.

Ал биыл жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы: «2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз», – деп тағы да тиянақтап айтты. Бүгінде бұл мәселе қоғамда қызу талқылануда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын неғұрлым дұрыс түсініп, байыппен қарау қажеттілігін айта келіп, «Латыншаға

көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», деп атап көрсетті. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру - Қазақстанды дүние жүзіне танытып келе жатқан Елбасының көп маңызды бастамаларының бірі және тіліміздің болашағы үшін жасалған тарихи қадам деп білеміз.

2017 жылдың 26 қазаны күні Елбасының қолы қойылған «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығы жарияланған күннен бастап елінің болашағын ойлаған әр азамат, зиялы қауым өкілдері, әртүрлі мамандық иелері, жалпы көпшілік қауым латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісіп жатыр.

Тарих деректеріне жүгінсек, ұттымыздың басынан үш алфавит жүйесін өткергендігін білеміз. Бірінші - 1929 жылға дейін – араб әліпбиі; екінші - 1929-1940 жылдары – латын әліпбиі; үшінші - 1940 жылдан бүгінгі күнге дейін – кириллицаға негізделген қазіргі қазақ әліпбиі. Қазақ тілінде араб әліпбиіне негізделген төте жазу кезінде 28 әріп, содан кейін латынға көшкенде 32 әріп болған. Ал кириллицаға көшкенде қазақ әліпбиі 42 әріптік әліпбиі ретінде осы күнге дейін қолданыста.

Тіл саласының ғалымдары латын графикасына көшу арқылы әліпбиімізді қазақ тіліне бейімдеп ықшамдап, қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз деген пікірлер айтады. Латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына, халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады, сонымен бірге латын әліпбиіне көшу кең тараған халықаралық тілдер, әсіресе ағылшын, неміс, француз, испан тілдерін меңгеруді жеңілдететіні анық деп қорытындылайды ғалымдар. Қазір бұл пікірге көпшілік қолдау көрсетуде.

Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды екен.

Өйткені бұл ана тіліндегі әріптерді басқаша таңбалау. Осы мәселеге байланысты халықтың көзқарасы, қолдауы болса, көп қиындық туындамауы керек. Жас ұрпақ, орта буын өкілдері компьютерді толық меңгергендіктен латынды тез үйреніп алады. Әсіресе жастар жағы шет тілдерді бірнеше айда еркін үйреніп алып жатқанда латын әрпімен қазақ тілін таңбалауды тез меңгеріп алу жастарға көп қиындық тудырмайды. Дегенмен, латын әліпбиін үйренуге арналған дайындық кезеңінде нақты бағдарлама жасатып, жаңа әліпбиді үйрететін мамандар дайындалып, барлық буын өкілдері арнайы мамандандырылған дайындық курстарынан өткен соң, халық латынды көп қиындықсыз меңгеріп кетеді деп пайымдайды ғалымдар.

Кирилл әрпінен латын әрпіне көшу кезеңінде білімнің қайнар көзі кітап арқылы берілетін тіл, білім, ғылым, мәдениет, рухани т.б. құндылықтарды жоғалтып алмау оңайға соқпайтыны анық.

Осы орайда кітапхана – білім және тәрбие процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін, рухани және интеллектуалдық қатынастарды, мәдениетті тарату орталығы ретінде маңызды роль атқаратын мәдени-ағартушылық мекеме болып табылады. Кітапхананың жұмысын қоғам мен адамнан бөліп қарауға болмайды. Сол себепті қоғамдағы өзгерістер әсіресе тіл, ағарту, білім, мәдениет саласындағы өзгерістер кітапхана назарынан ешқашан тыс қалмаған.

Кітапхана – дүниеде ештеңеге теңестірмейтін білім бұлағының көзі, рухани қазынаны жинақтайтын киелі орын, бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениетті деңгейге көтерілуі жайлы мағлұмат беретін ақпарат орталығы. Әр азамат жасына, жынысына, ұлтына, тіліне, біліміне, саяси, діни көзқарасына қарамастан кітапхананы пайдалануға құқығы бар екені баршамызға белгілі.

Сол себепті кітапхананың жас ұрпаққа тәрбие берудегі ролі өте зор. Кітапханадан алған рухани дүние негізінде оқырманның білімі жетіледі, адамгершілік, патриоттық, саяси, мәдени, экономикалық тағы басқа көзқарастары берік қалыптасады.

Кітапхана оқырмандарға қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңыздылығын түсіндіруге бағытталған жұмыстарды түсіндіретін, насихаттайтын ақпарат ор-

талығы ретінде өз жұмысын жүйелі түрде жүргізетін мекеме. Бүгінгі күні барлық кітапхана латын әрпіне көшу уақыт талабы және болашақ үшін әлдеқайда маңызды деген ортақ пікірге келіп отыр.

Кітапхана көрмелері туралы айта кетсек, кітапхананың көркі және негізгі айнасы – кітап көрмелері. Кітап көрмелері барлық кітапханалардың күнделікті жұмыстарының бірі болғанымен оқырмандар үшін көп мүмкіншілігі бар сала. Оқырманмен тек қана сөйлесу арқылы ғана емес, көрме арқылы да қарым-қатынас жасауға болады. Кітапханада көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды, ашық көлемді арнайы кітап көрмелерін ұйымдастыру кітапхананың басқа да жұмыстар түрінен ұтымды да маңызды түрі болып келеді, сол себепті де оқырмандар жақсы ұйымдастырылған көрменің қасынан өтіп кетпейді. Әрбір көрме – көрмені ұйымдастырған кітапханашының әлемге деген көзқарасы, кітап арқылы оқырманға жеткізбекші болған мәліметі, оқырманға арналған тәрбие құралы және кітап көрмелері оқырмандардың білімін, мәдениетін, рухани көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін байытып, тәрбиелеу жұмысына үлес қосатын кітапхананың оқырманға арналған көмекші элементі.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы Елбасының жарлығына қолдау білдіріп, латын графикасына көшу туралы материалдарды жинақтап, латын графикасы біздің қоғамға қажет екенін, латын әліпбиі жаңа кезеңнің тың серпілісі болатынын насихаттау мақсатында «Латын әліпбиі – тарихи таңдау» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Бұл көрмеге Елбасының қолы қойылған Латын әліпбиіне көшу туралы жарлығы, кітапхананың сирек кітаптар қорынан алынған 1935-1940 жылдар аралығында жарық көрген латын графикасымен жазылған қазақстандық кітаптар мен тіл туралы, оның ішінде қазақ тілі туралы кітаптар, қазіргі таңда жарық көріп жатқан газет-журналдардағы ғалымдардың, тіл саласы мамандарының, қоғам қайраткерлерінің латын әліпбиіне көшу тақырыбындағы мақалалары жинақталған. Көрмеге Елбасы Н.Назарбаевтың латын әліпбиі туралы айтқан сөздері және А.Байтұр-



сынов, М.Әуезов, С.Аманжолов сияқты ғұламалардың нақыл сөздері қойылған.

Кітапхананың сирек кітаптар қорында латын әрпімен жазылған оқулықтар мен әдістеме құралдары бар. Олардың арасынан латын әрпімен жазылған, Алматыда Қазақ мемлекеттік баспасынан шыққан бірнеше кітаптар: 1935 жылы шыққан С.Жиенбаевтың «Үлкендерге ана тілін оқытудың методикасы», 1937 жылы шыққан Р.Алшымбаевтың бастауыш мектептің 3-4 класына арналған «Қазақ тілінің грамматикасы мен емлесі», 1938 ж. Ә. Тәжібаев құрастырған орта және орталау мектептің 5 класы үшін «Әдебиет хрестоматиясы», 1940 жылы шыққан Ә.Сәдуақасовтың бастауыш мектеп мұғалімдері үшін «Қазақ тілінен методикалық құралы», 1940 жылы шыққан К.Төлебаевтың Үлкендер мектебіне арналған «Әліппе» оқулығы; 1932 жылы Ташкентте шыққан Ш.Сарыбаевтың «Жаздырып үйретудің әдістері» атты әдістеме құралы, сонымен бірге 1940 жылы Алматыда шыққан «Қазақ

бастауыш мектебінің программалары» мен «Мазмұндамалар жинағын» көруге болады.

Осы көрме арқылы оқырмандар бүгінгі заман талабы болып отырған басты мәселе – латын әліпбиіне көшуге дайындық жағдайында өздеріне керекті мәліметті таба алады. Бұл көрме ұзақ уақыт жұмыс істейтін болады және жаңа материалдармен толықтырылып тұрады.

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының тарихи таңдауы, қазақ тілінің болашағы, латын әліпбиі – әлемдік өркениетке жол бастаушы, жаңа дәуір бастауы деген ортақ пікірге келіп, латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуге дайындықты жоспарлы түрде жүзеге асыру жайында айтылған ұсыныстарға толық қосыла отырып, оқырмандардың жаңа әліпбиге деген қызығушылығын арттыруда, соған арналған насихат жұмыстарын жүргізуде алдағы уақытта да жұмысын жалғастыра береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.
2. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мақаласы / Айқын. – 2017. – 13 сәуір.
3. Байбек М. Латын әліпбиін үйрену орталығы ашылды. /Егемен Қазақстан. - 2017. - 10 қараша.
4. Осман А. Латын қарпі алты алаштың тілін алты құрлыққа жеткізеді /Алматы ақшамы. – 2017.-10 тамыз.
5. Әнуарбек Ә. Қазақ елінің өркениетті таңдауы. Латын қарпіне көшудің жайы талқанланған жиын /Түркістан. – 2017. – 9 қараша.
6. Ғаламтор материалдары.



ШОЛУ • ПАНОРАМА	
Жаңалықтар, деректер/новости, факты	6
ТАҒЫЛЫМ • ТЕОРИЯ	
Баймуханов Б., Даулеткулова А.У. Профессиональная компетентность учителя по формированию функциональной грамотности школьников	8
Қазақбаева Ж. Р. Жас мамандар мектебі – кәсіби дамудың қайнар көзі	14
Қыстаубаева Ж.Н. Исследовательская деятельность в организациях образования	16
Иманбекова К. Ж. Латын әліпбиі – тарихи таңдау	20
Нуржаупова К.Б. История Алаш – мощный фактор в формировании казахстанского патриотизм	23
Қосалбаева С. М. Елім деп соғар жүрегім	25
Мурадова И.В. Педагогические условия для развития творческих способностей ученика (в помощь учителю)	27
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ • ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ	
Исин Е.К. Применение средств ИКТ – эффективный способ решения проблемы незаинтересованности учащихся	30
Исаев А. Е. Информатика, ақпарат және оны бағалау	33
Жалмуханова Б.Х. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығы – нәтижелі білім берудің негізі	36
Сұлтанов Р. С. Компьютерлік және телекоммуникациялық желілермен жүйелерді қолдану арқылы білім үдерісін оптимизациялау	39
КӨПТІЛДІ БІЛІМ • ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ	
Мұса Г. Көптілді білім – көп мәдениетті тұрғаны қалыптастырудың негізі	42
Сарсенова Н. Қ. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін жаңаша оқыту ерекшеліктері	46
А.Т. Акжигитова, Ж.Т. Токпагамбетова, Г.И. Жубанышева Полиязычие, как один из приоритетов при подготовке высоко квалифицированных специалистов нового формат	48
Әлім Г. Ә. Қазақ тілі сабақтарында мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің әдістемелік аспектілері	50
Танаева Д.О. Үштұғырлы тіл бағдарламасының тиімділігі	53



Амиргалиева А.Е., Андашева Б.Н. Развитие коммуникативной компетентности учащихся на уроках русского языка и литературы посредством применения активных методов обучения	57
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ • ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ	
Тельгозина А.Е. Роль дидактической игры в коррекционно – развивающей работе с детьми с задержкой психического развития	64
ҰСТАЗ ШЕБЕРХАНАСЫ • МАСТЕРСКАЯ УЧИТЕЛЯ	
Есентаева А.И. Тренерлік – қызықты әрі қиын жұмыс (тәжірибедегі толғаныс)	67
Кайрова Т. Қ. Жаңартылған білім беру заман талабы	71
Джумаева Е. Ю. Внедрение обновлённого содержания образования в учебный процесс. Активное обучение	74
Смаилова С. Ә. Оқыту мен оқу үдерістеріне өзгерістер енгізу	79
Телемисова Ұ. Р. Қазақтың байырғы өлшемдері	83
Кульбаева Г. А. Үш тұғырлы тіл – заман талабы	87
Жакыпбекова С.Б. Сабақтағы жұмыс әдістері (5-сынып сабағы)	91
Джумаева Н.Х. Роль физкультминуток в жизни детей	93
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ • ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ	
Даутова Б.С. Күз береке	95
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ	
Бердібай Ж.М. Өмір сүру үшін, өзгере білу керек	97
Джуматаева Э.А. Человек красен не словами, а – делами	98
ІС-ШАРА • МЕРОПРИЯТИЯ	
Сагимбекова Д. У. Республиканская научно-практическая конференция	100
Битен Ш.С. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	101
Алматы қаласында ұстаздар үйі ашылды	102
Асылбек П.Ө., Қарабалаева Н.А. Бір шаңырақ астында	103
BRITISH CONSUL	105